

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн - біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

ОҚМУ-нің Ақпараттық білім беру орталығының №4 оқу залында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік -азаттықтың алтын діңгегі» атты әдеби кеші Ақпараттық білім беру орталығының және «Психология және кеші Ақпараттық білім беру орталығының және Психология және дефектология» кафедрасының ұйымдастыруымен өтті.

Студенттерді тәуелсіздік ұғымдарының тарихи маңызын түсіне білуге, туған халқының тарихын құрметтеуге, отансүйгіштікке баули отырып, патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Мерекелік кешке «Дене тәрбиесі және спорт» факультетінің аға тәлім-

ТӘУЕЛСІЗДІК - АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

гері Г.Малгайдарова, «Психология және дефектология» кафедрасының оқытушысы Ф.Бейсенбаева, факультеттің оқытушылары мен студенттері қатысты. Әдеби кеште 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасындағы қайсарлық пен ерлік суреттелетін «Желтоқсан желі» атты бейнефильмі және «Тәуелсіз Қазақ елі» атты бейнеролик көрсетіліп, егемендік алған жылдардан бергі еліміздің жетістігі баяндалды. Кеште студенттер Тәуелсіздік туралы жазған өз өлеңдерін оқып, «Елім менің», «Қазақ елі» сынды рух беретін әндер және күй орындалды. АБО сектор меңгерушісі Х.Шамбулова қатысушыларға алғыс айтып, ФК 15-

2кг2 тобының белсенді студенттерін: С.Сәдуақас, А.Төлеева, Д.Мейірбек, Т.Асанбаева, С.Рысбай, Д.Оңғар, Ж.Пернесейіт (ЕП 15-2кг2), Е.Төрехан (ЕП 13-1кг1), А.Хамраев, А.Егембердиевті (ФК 15-5р) мақтау қағаздарымен марапатады. Кеш соңында кітапханашылар Күлзада Бөлет және Әсем Қауынбаева «Желтоқсан-Тәуелсіздік бастауы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Тәуелсіздік - ол ұлттық мемлекеттің тамыры - жасампаздық рух, ұраны- ел мен халық.

Халида ШАМБУЛОВА,

*М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың АБО сектор
меңгерушісі.*